

Қарабұлақ ауылында халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту (кәдеге жарату мен қайта өңдеуді есепке алмағанда) туралы

Жетісу облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2023 жылғы 9 тамыздағы № 8-25 шешімі

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабы 3 тармағының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Ескелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарабұлақ ауылында халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге (кәдеге жарату мен қайта өңдеуді есепке алмағанда) арналған тарифтер осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың жер мәселелері, ауыл шаруашылығы және табиғатты қорғау жұмыстарын қамтитын тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Қ. Сатанов

шешімге 1 қосымша

Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер Қарабұлақ а. жеке тұлғалар үшін (кәдеге жарату және қайта өңдеуді есепке алмағанда)

№	Атауы	Есептеу бірлігі	Бағасы ай (тенге)
1	Қосымша құн салығын есепке алмағанда, абаттандырылған үй-жайлардың тұрғындары үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тариф	1 тұрғын	202
	Абаттандырылмаған үй-жайлардың тұрғындары үшін қосымша құн салығын		

2	есепке алмағанда тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тариф	1 тұрғын	240
---	--	----------	-----

шешімге 2 қосымша

Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған Тариф Қарабұлақ ауылында заңды тұлғалар үшін (кәдеге жарату мен қайта өңдеуді есепке алмағанда)

№	Атауы	Есептеу бірлігі	Тариф, теңге
1	Қосылған құн салығын есепке алмағанда, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тариф	1 м3	2 400
2	Қосылған құн салығын есепке алмағанда, тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған Тариф	1 м3	384
		1 тонна	1920